

Нұрғалым Кәдір, Қабдөшев Болат

**ҚАЗАҚ ҮКІМЕТІ ЖӘНЕ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВ
(Смағұл Сәдуақасов саяси-құқықтық қызметі туралы ой-толғам)**

Нурғалым Кадир, Кабдошев Болат

**СМАГУЛ САДВАКАСОВ И КАЗАХСКОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО
(мысль о политико-правовой должности Смагула Садвакасова)**

УДК: 957.4. 084+32 (574)

В статье рассматривается жизнь и политическая деятельность известного общественного деятеля Казахской Республики Смагула Садвакасова 20-30 годы XX века.

In this article presents life and activity of the famous political public figure of the Kazakh Republic Smagul Sadvakasov in 20-30 ss of the 20th century.

Кешегі 1920-1930 жж. қазақ үкіметінің берер тәжірибесі, саяси сабағы қаншалықты? Бүгінгі үкімет басшылары алғашқы құрылған қазақ үкіметтің тарихынан хабардар ма деген сауалдардың бізді толғандырып отырғаны заңдылық. Ел-жұрттың тағдырын шешуді қолына алған басшылар өзіне жүктелген жауапкершілікті қаншалықты сезіне алады? Қазақ өкіметінің өткен саяси-әлеуметтік тарихын жете білмеген соң, кейде өздеріне дейін ешбір жақсы басшы болмағандай халықшылдық, парасаттылық қасиеттерді ұстанудың орнына, дандайсу, ақылгөйсу, менсінбеушілік жолына түсіп кетеді. Саяси мәдениетінің төмендігінен жеке құлқы мен қара басының қамын күйттейді. Осы кемшіліктің тууына себепші болатын жайттың бірі өзі мүше болып басқарып отырған үкіметтің тарихын білмеуден де туындайды емес пе? Соңғы өткен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік Кеңесінің кезекті мәжілісінде Елбасы қызметтегі шенеуніктерге батырып айтты, халқына адал қызмет жасауға шақырды, «қызметін пайдаланып, дүние-мүлік жиған, байыған басшылар қызметінен өз еркімен кетсін!»-деді [1]. Кеңестік жүйеде басшы болып ұлтына, халқын адал қызмет жасаудың нағыз саяси үлгісі мен тәжірибесін көрсеткен кешегі Тұрар Рысқұлов, Сейітқали Меңдешев, Нығмет Нұрмақов, Ыдырыс Мұстамбаев және т.б. немесе оған дейін ұлттық-буржуазиялық Алаш-Орда үкіметін құрушылардың көш басына Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Мыржақып Дулатов сынды алаш қайраткерлерінің болғанын айтуға болады. Осы есімдері аталған ірі саяси қайраткерлерінің қатарына Алаштың ұлттық идеясын кеңес билігі шеңберінде ұстанып, жүзеге асыруға бар күш жігерін жұмсаған, 1925 жылы

яғни 25 жасында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының Ағарту комиссары болған Смағұл Сәдуақасовты да жатқызуға болады.

Бүгінгі министрлер осы Смағұлдың кім және қандай адам екенін біле ме екен деген ой келеді. Егер Смағұл Сәдуақасов секілді тұлғаларды шынайы біліп, таныған болса өздерінің қызметке келудегі ұстанымы мен қызметінің мән-мазмұнын түбегейлі өзгертер ме еді. 33 жыл ғұмыр кешкен Смағұл Сәдуақасов саяси билік басында да, шығармашылық қызметінде де ұлтжандылық тұғырынан айнымаған, өз халқына қызмет жасаудың үлгісі мен өрнегін салған шоқтығы биік тұлға. Смағұлдың саналы өмірі ұлтшылдықпен айыпталған саяси қысымшылықта өтті. Сәбит Мұқановтың естелігінде айтылатын “...Сұлтанбек кінәсін мойнына алса да, шіркін Смағұл бас имей кетті” деген кешегі даттау, оның сол кезде-ақ ұстанған саяси бағытын қате деп санамай кеткен азаматтың нағыз ерлігін мойындау еді. Ғұмыры қысқа болса да, Смағұл сан-салалы мемлекеттік, саяси қызметінің нәтижесінде бүтін қазаққа үлгі тұтарлық іс қалдырды. Он сегіз жасынан-ақ жазған мақалаларымен қоғамның өткір саяси мәселелерін қозғап, жұртты толғандыра білген. Жиырма жасында ел басқаруда қара қылды қажеттілігімен, өжеттілігімен танылып, ақын Мағжан Жұмабаев жазғандай қазақ деген “байтақ елге асқар таудай пана болды”.

Дұрысы мұндай жүз жылда бір келетін тұлғаларды сол қоғамдық-саяси орта тәрбиелеп, саяси ағымдардың ықпалы өсіріп шығарды. Қазақтың жоғын түгендеп, керек қажеттіліктерді дөп баса білген жан-жақты талант Смағұл саяси қайраткер, экономист, журналист, жазушы десек, ол - сол қоғамның сұранысы. Бүгінгімен салыстырсақ олар ешбір диссертация қорғамай-ақ ел басқарды, бар білімін, меңгерген ғылымын да халқына жұмсады. Осы жинақтаған сан-салалы саяси білім-тәжірибесін ол негізгі деп санаған салаға бұрып, қазақ мемлекетінің іргесін мықтап қалауға жұмсаған.

Смағұл Сәдуақасов ескіше алғанда Омбы губерниясы, Шарлақ уезінің Қарай

болысындағы Жарқын ауылында 1900 жылы өмірге келген (1925 жылы Шарлақ уезінің басым бөлігі орыстардың көптігінің желеуімен Ресейдің Омбы облысының уысында кетті) [2]. Смағұлдың әкесі өз заманындағы озық діни білім беретін Уфадағы “Ғалия” медресесін тәмамдаған. Алғаш білімге баулу, құштарлығы “отбасынан бастау алған” болса, 11 жасында ауылдағы бастауыш мектепте оқиды. Содан соң көршілес Сарыкөл қаласында (қазіргі Омбы облысы Полтавка ауданының орталығы) екі класты училищеде 3 жыл оқиды. Одан әрі оқуға жағдайы болмағандықтан, 1915-1916 жылдары “Халық мұғалімі” дәрежесін алып, ауылда уақытша бала оқытып жүреді.

1916 жылы 22 тамызда Омбыдағы ауыл-шаруашылық училищесіне түсіп оқиды. Жеке ісінде оқуына қатысты жауапқа «училищеден соң Омбы ауыл шаруашылық институтында білім алғандығы» көрсетілген. Ал өзінің қызығушылығымен «кооперация мәселесімен терең шұғылданғаны» айтылады яғни Смағұл өз бетінше жан-жақты білім жинақтап, саяси санасы қалыптасады. Табиғатынан зерек, өткір, әрі ұлт мүддесі аса толғандырғандықтан Смағұл тез есейді.

1918 жылдың жазынан Ақмола облысының Жер-су басқармасы (Земская управа) ұйымдастырған қысқа мерзімді 2 айлық қазақ мұғалімдерін даярлайтын курста кооперация ісі, табиғаттану, физика пәндерінен сабақ береді. Алғаш саяси қызметін Ақмола облыстық Алаш Орда үкіметін құрудан бастап, Мағжан Жұмабайұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Мұратбек Сейітбекұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы, Ержан Итбайұлы секілді азаматтарды осы іске топтастырады. Кейін олар Омбыда Смағұлдың ұйытқы болуымен “Жас Азамат” ұйымын құрады және “Жас Азамат” атты газет шығарады.

1918 жылы 14 желтоқсанда Центрсибир бірлестігі (Омбыдағы) басқармасының саудадан бөлек істермен шұғылданатын бөліміне шет нұсқаушы есебінде қызметке алынады. Осылайша қазаққа жат болып келген кооперация өнерінің қыр-сырын меңгереді: қазақ арасындағы ұйым-дүкендердің жандануына себепші болып, мал баққан қазақтарға мал өнімін құнттай білу мен еңбегінің есеп-қисабын қалай меңгеруді үйретеді [3].

1920 жылдары ел ішін аралауға шыққан “Советская степь” газетінің тілшісі белгілі кеңес жазушысы Николай Анов түкпірдегі ауыл қазақтарына барып, республика басшыларынан кімді білесіз деп сұрайтыны бар. Сонда санаулы қайраткерлер қатарындағы Қазатком төрағасы Жалау Мыңбаев, халық Ағарту комиссары Смағұл Сәдуақасов сынды басшылардың есімін атап, әңгімеге құмар ақсақалдың орысша-

қазақшаны араластыра айтқаны жазылған. Ол кезде теледидар, радио дегенің жоқ, санаулы газеттердің өзі жету-жетпеуі екі талай. Соған қарамастан ел басшыларының кім екенін біледі. Қазіргі ақпарат жүйесінің жан-жақты дамығандығына қарамастан жұрт министрлерді айтпағанда үкіметтің төрағасы кім екендігінен хабарсыз. Ол билікке деген сенімсіздіктен туған енжарлық па дейміз.

Қазір де қазақ ұлтын толғандыратын өмірлік мәселелер жетерлік. 1920 жылдармен салыстырғанда ұқсастықтары да (ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті дамыту, қазақ тілінде іс жүргізу және т.б.) көп. Алайда бүгін оны шешудегі күштердің мол мүмкіншілігі бар десек, кешегі күні ондай артықшылықтар болған емес. Мысалы, Қазақ үкіметінің басшысы болған С.Сейфуллин 1923 жылы Германиядан алғаш “Опелль” жеңіл машинасын қызмет бабында алдырғаны үшін үлкен дауға қалған. Осы оқиға сабақ балғаны соншалық, 30-шы жылдардың ортасына дейін үкімет үйінде машина деген болған жоқ. Негізгі көлік ретінде ат-арбаны пайдаланып келді. Ендеше сол кезеңдегі басшылардың ел арасында абыроймен танылуы шынайы, ұлтжандылық қызметінің арқасында ғана мүмкін болды.

1920 жылы РКСМ-ның Сібір бюросының қазақ-татар секциясына қызметке кірген С.Сәдуақасовқа қазақ елді мекендерінде жастар ұяларын құру тапсырылады. Өз халқына толыққанды қызмет ету мақсатында 1920 жылы Омбыда большевиктер партиясы қатарына өтеді. Қазақ Автономиялы Республикасының құрылуына орай ол 1920 жылдың қыркүйек айында Орынборға келіп, облыстық жастар комитетінің хатшысы болып тағайындалады. Яғни, Қазақ АКСР-і Жастар Одағының тұңғыш хатшысы болады. 1920 жылы қараша айында Қазақ Автономиясының құрылуын жариялаған Кеңестердің I құрылтай съесінде Смағұл Орталық Атқару комитетінің Төралқа мүшесі сайланып, төрағасының орынбасары және облыстық облыстық партия комитетінде саяси хатшы қызметін атқарады. Республикалық бас газеті “Еңбек туы” газетінің басқарушысы болады. Смағұлдың алмастай жарқ етіп танылатыны да осы мезгіл.

Ел басқарған қазақ қайраткерлерін аса толғандырған мәселе, Қазақ Республикасының территориялық тұтастығын қорғап қалу болатын. Республикамыздың территориялық шекарасының белгіленуі БОАК төрағасы М.И.Калинин мен ХКК-нің төрағасы В.И.Ленин қол қойған. Қазақ автономиясын құру туралы Декретте жүзеге асқан еді.

Патшалық Ресей тұсында ғасырға жуық Ресей губернияларына қаратылған қазақ жерлерін

Қазақстанға қосуда Смағұлдың да еңбегі ерен. Сібірревкомы Қазревкомның 1921 жылдың 1 қаңтарынан қайтарылуы тиіс болған ұлттық-территориялық шекараны белгілеу комиссияларының екі кездесуінде де Қазақ өкілдері Павлодардың бір бөлігін Ресейге қосу жайындағы жанындағы ұсыныстарын қабылдамай Семей губерниясын ешбір бөлшектеусіз қайтаруды талап етеді. Смағұл баспасөз беттерінде орысша-қазақша мақалаларымен қазақ жерінің бірігуі қажеттігін дәлелдеумен болды: “Біздің ойымызша, автономия болған соң, жалпы қазақ бірігуі керек. Біз автономия керек дегенде, айтатын дәлеліміз мынау: әр халықтың тілі бөлек, тұрмысы бөлек. Жалпы адамшылық бақытқа жету үшін әр халық өз тілінде мәдениетке қожа болып, өз шаруасына қарай тұрмысын өзгерту керек (сабасына қарай піспегі!)”

Сол өңірді біріктіру мақсатымен Смағұл Сәдуақасов Қазаткомның өкілі ретінде мамырдың 20-сында Семейге келеді. Семей губерниялық және уездік атқару комитеттерін отаршылдық әрекеттері үшін таратады да, оның орнына губревкомды құрады. Өзі ревкомның төрағасы болады. (Кетерінде М.Әуезовты қойып кетеді). Губернияны басқаруға Ыдырыс Мұстамбаев, Нығмет Нұрмаков, Мұхтар Әуезов, Әзімбай Лекеров т.б. біраз қазақ азаматтарын қызметке тағайындайды. Жеке бұйрығымен губерниялық партия комитетін де таратып, орнына Губбюро құрады. Осылайша қызмет орнынан айырылып қалған орыс ағайындары іле-шала арызданып, Орынборға облыстық партия комитетіне хат жазады. Кейін С.Сәдуақасовтың Семейге қатысты ісі қыркүйекте 1921 жылы облыстық тексеру комиссиясында қаралып, “ұлтшылдық” деген баға берілді. Алайда, оның жас (21-де) екенін, әрі түзелу мүмкін деген негізбен партиялық сөгіс жариялап, 2 жылға басшылық қызметінен айыру туралы шешім шығарады.

1922 жылдың, наурыз айында С.Сәдуақасов Қазаткомның өкілі ретінде ашыққан адамдарға көмек беру ісін тексеруге Торғай уезіне, Қостанайға және кооперация ісімен Бөкейге барған. Кейін Торғай мен Қостанайдан орыс шовинистері жазған арыздары тіпті Смағұлға қарсы жоғарғы трибуналда іс қозғудың негізіне айналды. Алайда Смағұл бұл аймақтардағы жасаған “іс-әрекетін” жалпақ елге “Қазақтың азабы аз ба еді?” атты 1922 жылы баспасөзде жарық көрген мақалаларымен жария еткені белгілі. Еш көсемсу, бояу жоқ, көргенін қазақтың қара сөзімен әңгімелейді. Мәселен, Қостанай өңіріндегі өршіп тұрғандағы қалыптасқан ақуалдың ақиқатын шынайы суреттейді.

С.Сәдуақасов өзінің саяси ұстанымы мен көзқарасын дәлелдеп, Қазаткомның төралқа

мәжілісінің қызу пікірталасына қатысты: “...Қазақ мемлекетін құрғандағы біздің мақсатымыз не еді? Мақсатымыз жергілікті қазақтарды кеңес құрылысына тарту болатын. Ол үшін бұл халықта мемлекеттік идея ұғымын дамытып, нақты іске тарту керек. Ал шындығында әлі күнге дейін, жергілікті халық қараңғылық, бейшара халде отыр. Бүкілроссиялық т.б. съезд мінбелерінен патша қалдырған мұралар (царские наследия) деген сөз жиі қолданылады. Патшаның тастап кеткен ескі мұрасын іздесеңіз таба алмайсыз. Орыстың билігінде болған қазақтардың не мектебі, не ауруханасы, не мал емдеу нүктелері болған емес. Кеңес өкіметі осы жағдайды күрт өзгертуі керек еді. Өкінішке орай, біз ештеңе істей алмадық. Қазақ республикасында билік әлі де орыс ұлтының билігі болып қала берді. Патшалық билік кезінде орыс удряднигі, приставы жемқорлықпен қалай күнін көрсе, қазір де солай өмір сүруде. Өзгергені тек аты ғана, бүгінгі милицияның кешегі полициядан ешбір айырмашылығы жоқ.

Біздің ірі кемшілігіміздің бірі республиканы басқарушы ұлт өкілдерінің арасында бір-біріне деген сенім жоқ. Қазақ-орыс бір-біріне қырын қарайды. Жақында ғана Республиканың болашағын ойлайтын Қазақ Атқару комитеті төралқасының 2 мүшесінің бір-бірін айыптап, тамақтасып, жатқанының куәсі болдық. Осыны көре отырып губерния, уездігі, болыстардағы болып жатқан заңсыздықтардан не сұрарсың» - дейді [4]. Осылай толғау, бүкпесіз айту, шындыққа келгенде шыдамсыз болатын Смағұлдың табиғи мінезі. Сөздерінің мағынасына қарап отырып, сол көтерілген мәселелердің бүгін де көкейтестілігін жоймағанына таңданасың. Смағұл айтады “біздің мемлекеттік тәжірибеде қалыптасқан жаман дәстүріміз бар, ірі басшы орнынан түсіп қалса, оның орнына келуші кешегі басшыны жамандайды. Ол түссе үшінші де сөйтіп абырой жинайтыны бар...” дейді. Немесе кеңес өкіметі деп ұрандатып жүрген шолақ белсенділерге мынадай тамаша қарапайым жауап қолданатыны бар: “Біз бір-бірімізді қанша градусқа қызыл, ал-қызыл, ақ екендігімізді дәлелдеудің қажеті жоқ. Мәселе қарапайым қазақ халқына кім қандай жақсылықпен барғанын айту керек.”

Бұл атқарылған қыруар шаруалардың барлығы Қазақ мемлекетінің іргесін қатайтып, басты белгілерін бекіту үшін күресу еді. Қазіргі Қазақстанның территориялық аумағы анықтап, шекарасын белгілеу сол жылдары жүзеге асты.

Әрине, шекарасыз, территориясыз мемлекеттің өмір сүруі мүмкін емес. Смағұл Қазаткомның 1920 жылы 19 қарашада өткен мәжілісінде ақ Түркістан Орталық Атқару

Комитетіне территориялық мәселелермен айналысушы уәкіл ретінде жіберілген. Смағұлдың осы іске араласып, жазған мақалалары бүгінге дейін маңызын жоймаған. Сол жылдардың өзінде қоғамдық пікірді қалыптастыруға ерекше септігі тигеніне дау жоқ. Орта Азияда ұлтаралық шекара қалай жүргізілуі тиіс, Қазақстанды қалай құрған жөн деген мәселелерде Смағұл өзінің жан-жақты терең саяси білімін байқатты. Қазақстанның құрамына енетін әр облыстардың тарихы, географиялық орналасуы, шаруашылығы мен экономикалық дамуының болашағы, тіпті тарихи тамыры бір, тілі туыстас көрші халықтар жайлы тұжырымдары мен болжамдары таң қалдырады: “Қырғыздар алдына жеке автономиялы бір облыс жасамақшы. Қазіргі жоба бойынша атономиялы Қырғыз облысы Қазақстанға қосылмай, жеке Мәскеуге бағынбақ... Қазақстан мен Түркменстанның екі ортасында қарақалпақ деген аз ғана халық бар. Бұлардың қай республикаға кіру мәселесі әлі шешілген жоқ. Қарақалпақ жұрты тілі, тұрмысы, шаруасы жағынан басқалардан қазаққа жуық. Сондықтан болашақта олар да Қазақстанға қосылуы әбден мүмкін нәрсе.” Солай болды да, Қырғыз халқы жеке отау тігіп, республика құрса, 1924 жылы күзде Түркістан құрамынан Жетісу, Сырдария облыстары және Қарақалпақ автономиялы облысы Қазақстанға қосылды. Ал 1923 жылы орысша жазған мақалаларында (“Основные проблемы, возникшие при районировании Киргизии”) “экономикамыздың өркендеуі жол қатынасының дамуымен байланысты, болашақта Ақмола астанаға айналуы да әбден мүмкін” деп айтқан да Смағұл еді [5].

1920-1923 жылдар аралығында С.Сәдуақасов Қазақстанның әрі ВЦИК-тің мүшесі, Қазатком төрағасының орынбасары, Қазаткомның Тұраткомдағы төтенше өкілі, Қазақ мемлекеттік жоспарлау комиссиясының төрағасы, Жер халық комиссариатының алқа мүшесі болған, оған қоса газеттерде жасаған басшылық қызметін алыңыз. 1923 жылдың 3 қазанында Жер ісі халық комиссарына Смағұл былай деп хабарлайды:

“Менің әскери дайындық курсына баруыма байланысты енді сабақ бере алмаймын (комиссариат жанынан ашылған курстың лекторы болатын – Н.К.). Сондықтан менің жер комиссиясының төрағасы және де басқа жұмыстарымды біреуге тапсырыңыз. Мүмкін болмағанда менің тек түнге ғана уақытым бар, онда жұмыс мезгілінде бітпей қалуы мүмкін” дейді. Осыншама міндеттерді алып жүріп, ақша, жағдай жасап алу деген ұғымына кірмеген Смағұл секілді қазақ биліктегі саяси қайраткерлерінің тазалығын айтсаңшы! Кім біледі, заманына қарай адамы өзгере ме,

халқының қамынан гөрі өз пайдасын жоғары қоятын қазіргі министрлер, әкім-қаралардың алдында Смағұл Сәдуақасов, Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмақов секілді қайраткерлердің мәртебесі әрқашан биіктей бермек.

Жоғарыда аталған міндеттерге қоса, атап айтсақ, 1920 жылдың өзінде “Еңбекшіл жастар”, “Кедей сөзі”, “Өртең”, “Еңбек туы”(кейін “Еңбекші қазақ”) газеттеріне редактор болды. Қазақ тілінде оқулықтар даярлайтын редакциялық алқаның (құрамында А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханұлы, Х.Болғанбайұлы, Ж.Аймауытұлы т.б. бар) ішінде болды. 1921 жылы “Жастарға жаңа жол” деген кітабы басылып шықты. 1924-25 жылдары “Қызыл Қазақстан” журналының (қазір “Ақиқат”) жауапшы шығарушысы, 1925-26 жылдары Еңбекші қазақ” газетінің редакторы болды. Әйтсе де, Смағұлдың соңғы атқарған жауапты мемлекеттік саяси қызметі Халық Ағарту комиссары еді.

Қазақстанның «бірігу съезі» атанған Бүкілқазақтық V Кеңестер съезі 1925 жылы сәуір аралығында Ақмешітте өтіп, осы бас қосқан жиында С.Сәдуақасов Қазақстанның Халық Ағарту комиссары сайланады. Үкіметтің төрағасы Н.Нұрмақов, Сауда комиссариатын Аспандияр Кенжин, Жер ісі халық комиссариатын Әлиасқар Әлібеков, Әділет комиссариатын Сәдуақас Мәмбеев, Ішкі істер комиссариатын Сүлеймен Есқараев, Әлеуметтік қамсыздандыру комиссариатын Дәрібай Хангереев, Еңбек халық комиссариатын Мұхамедғали Тәтімов, Жоғарғы Сотты Мырзағұл Атаниязов, Қазақ совнархоз комитетін Ұзақбай Құлымбетов басқарды. Осы аталғандардың алды 30-ға жаңа толған азаматтар еді, ішіндегі ең жасы Смағұл болатын.

Үкіметтің алаңсыз халықтың игілігі жолында қызмет ететін жағдай туғандай еді. 1925 жылдың күзінде Өлкелік партия комитетін басқаруға Ф.И.Голощекин келісімен қазақ қайраткерлерін жікке бөліп, ұлтшылдықпен айыптау науқаны өрістеді. Ең бірінші болып, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаевтар «ұлтшылдық ұстанымдары» сынға алынып, оларға қарсы ұйымдастырылған күрес басталды.

1925 жылдың желтоқсан айында болған Өлкелік партия комитетінің V партконференциясында Ф. Голощекин «ұлы орыс ұлтшылдығы және жергілікті ұлтшылдық деген екі ағым бар», бірақ «жергілікті ұлтшылдықты» аса қауіпті етіп көрсете отырып, оның қайнар бастауы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастаған алаштың оқығандарын саяси-идеологиялық жұмыстарға қатыстырмаған жөн деп мәлімдеген. С.Сәдуақасов Голощекиннің бұл келісіміне

үзілді-кесілді қарсы шығып: «Орыс жандармдары қазір іске қосылмай отыр ма? Ендеше бізде алашордашыларды іске тартуымыз керек. Бұлардың көмегі болмаса, саяси мәселелер жөнінде жетімдік көреміз. Алашорда адамдарының тәрбиесі күшті. Түрлі даулы мәселелердің шешілуі жөнінде олар айтқандарын берік ұстанып, дегендерін істеті алады» деді. Қызметінде өзі осы бағытынан айныған жоқ. 1923 жылы 28 ақпанда Орынборда А.Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойын өткізуге ат салысты. Олардың шығармаларының жинағына алғысөз жазып, жариялауға, газет-журналдарда мақалаларын бастыруға көмек берді. Ағарту комиссары болған жылдары (1926) Алашта қызмет атқарғанына қарамай оларды оқытушылық қызметке алды. 1925-26 жж. Алаштың біртуар азаматы Жүсіпбек Аймауытовқа қарсы сот процесі басталғанда, оны қорғап қалуға бар күшін салды. Иссапарда жүріп сонау Мәскеуден куәгер ретінде сотқа қатысамын деп телеграмма салған соң, сот Смағұлдың келуін күтеді. Голощекин есеп берушілер сотта өзі өзі ақтап Жүсіпбек Аймауытов сөз сөйлегенде залда отырғандар теңселіп, Смағұлдың «балаша жылағанын», Нұрмақовтың сот төрағасына «жұмырдығын түйіп», сес көрсеткенін тізіп айтып берген ғой.

Сол тұста Голощекиннің казактың ұлтжанды оппозициясына қарсы батыл күресер қауқары бола қойған жоқ. Бірақ кешірген жоқ. Кейін Смағұлды да Нығметті де қызметінен кетірсе, 1936 жылы Жүсіпбек Аймауытовты соттап, ату жазасына беруге Голощекиннің тікелей қатысы болды.

Қанша айтсақ та 1920-30 жылдары Қазақ елінің шаруашылығын дамытып, өркендетуге партия әрі мемлекет басшыларының арасында пікір алысудағы талас -тартыс принциптері сақталған болатын. Көптеген басшылар өз ұстанымдары мен көзқарастарын ашық білдіріп, шаруашылық мәдени шараларды шешуде өз бағдарламаларын ұсынып, қорғай алды. Смағұл Сәдуақасовтың да елді дамыту жайлы өзіндік нық ұстанымы, бағдарламасы бар болатын.

Ең басты ұстанған принцип, қандай да болмасын өзгеріс қазақ халқын ауыр зардаптарға ұрындырмау тиіс. Біріншіден, біртұтас қазақ мемлекетін құру. Бұл шаралар 1924-1925 жылдары толық жүзеге асты деуге болады. Негізінен қазақ жері қазіргі өлшеммен алғанда толық біріктіріліп, ұлттық территориясы анықталады. Аталған істе Смағұлдың атқарған еңбегі ұшан теңіз. Ішкі әкімшілік бөліністі ғылыми тұрғыдан жобалап анықтауға ерекше ат салысты.

Екінші ірі мәселенің бірі ауыл қазақтарының дәстүрлі мал шаруашылығын одан ары дамыту.

Ол үшін кедей шаруашылықтарына тиімді салық саясатын қолданып, үкімет тарапынан көмек беру, ауылда кооператив жасау, ешбір «соғыс ашпай» байларды бейбіт түрде социалистік құрылысқа тарту. «Байды жою, кедейді қаңғыртып жіберу деген сөз, яғни кедей байдың жұмысын жасап күнелтіп отыр. Бір жерде мектеп салуға қазынаның қаражаты жетпей жатса сол жердің байынан неге алмаймыз? Бір жерде кооперативтің пұлы кем болса, оған байдың ақшасын неге салмаймыз?» Ендеше кедейдің баласын оқытып, білім беру қажет, кедейді салынып жатқан завод-фабрикаға, шойын жолдарға орналастыру қажет. 1927 жылдың 15-23 қарашасы аралығында өткен Өлкелік партия комитетінің VI конференциясында С.Сәдуақасов Голощекинмен келіспеген өз ұсыныстарын тағы да ортаға салды: біріншіден, байдың тәркіленетін малдарын есепке алып, совхоз ашу оған байдың өзін басшы етіп қою; екіншіден байларға жекеменшік мал санын көбейтудің тиімсіз көзін жеткізу үшін салық мөлшерін өсіру. Шаруаларды ұжымдастыруға зорлап кіргізуге болмайды, өз еркімен тартылу керек. Ол үшін әуелі ауыл сайын бір колхоз ұйымдастырып, оған батырақ, кедейлерді қабылдап, тұқым, техника, ақша беру, өркендеуіне жағдай жасау керек. Мұны көрген кедейлер арыз жазып колхозға өздері кіретін болады...

1926 жылдың 17 ақпанында Смағұл Сәдуақасовтың Ағарту комиссары міндетінен босату жөніндегі өтініші қаралды. Мәселені күн тәртібіне енгізіп, өтінішпен таныстырған Голощекиннің өзі болды. Екінші болып сөз алған Халком Кеңесінің төрағасы Н.Нұрмақов: «Халық ағарту комиссариаты кім болса соны қоя салатын орган емес, оған басшы болатын адамның жақсы ұйымдастырушылық қабілетімен қатар аса мәдениетті адам болуы қажет. Сәдуақасовты алмастыратын адам жоқтықтан емес, ол осы орынға барлық жағынан лайықты кандидатура болғандықтан, оның бұл өтінішіне мен қарсымын» деді. І. Құрамысов: «Ильичсіз де өмір сүріп келеміз, әрине Сәдуақасовсыз да өмір сүруге болады» деген қазақтың жалтақ, жағымпаз тобының сөзін қуаттады. Ұлт интеллигенцияның ауызбіршілігі жоқтығының кесірінен, С.Сәдуақасов 1925 жылдың 22 маусымында Халық Ағарту комиссары қызметінен босатылып, Ташкенттегі Ұлттық педогогика институтының ректорлығына жіберілді...

Жұмыстан босатылған соң, С.Сәдуақасов Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының ректоры болып барады. Бұл жерде де оның ісінен ұлтшылдықтың иісі шығып, тыныштық болған жоқ. 1928 жылы “Большевик” журналының бірінші санында жарияланған “О национальностях и националах” атты Одақты

шулатқан мақаласынан соң тағы да жұмыстан қуылып Мәскеуге кетеді.

1928 жылдың қыркүйегінде Мәскеудегі транспорт инженерлерін даярлайтын институтқа оқуға түседі. 1932 жылы институтты тәмамдап, Мәскеу-Донбас теміржол құрылысына инженер-құрылысшы болып жұмыс жасайды. 1933 жылдың аяғында жұмбақ жағдайда ауырып, Кремль ауруханасында қайтыс болады.

Смағұлдың жары Елизавета Әлихан қызы Бөкейханова Мәскеудің дәрігерлік институтын бітірген, медицина ғылымының докторы дәрежесіне дейін өскен. 1971 жылы қайтыс болған. Артында қалған жалғыз тұяқ Смағұлұлы Ескендір Ұлы отан соғысына қатысып, хабар-ошарсыз кетеді.

Смағұлдың мемлекеттік-саяси қызметінің барысында қалыптасқан мұрасы ұрпаққа өнеге,

үйренгенге тәлім, қазақ ұлтының кәдесіне жарасам деген жақсы ниеттегі өсер шенеуніктерге теңелуге ұмтылатын саяси тұлға. Олар армандаған шынайы тәуелсіздікке қол жеткізгенде, ендігі ел болашағына еңбек етуден ұлы мақсат та, мұрат та жоқ болар.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан. 2008. 16-қараша.
2. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚРОММ), 5-қор, 18-тізбе, 815-іс, 2-3-парақ.
3. Қамзабекұлы Д. Сәдуақасұлы Смағұл. - Алматы, 1993.
4. ҚРОММ, 5-қор, 18-тізбе, 94-іс, 23-55 п.п.
5. Советская Киргизия. 1923, №2,3.